

22 Sousa, D. How the brain learns. Reston. – VA: National Association of Secondary School Principals, 1995.

23 Ciaccio J. Totally positive teaching. – A Five-Stage Approach to Energizing Students and Teachers. ASCD, 2004. – 196 p.

24 Bartlett, S., Burton, D. Introduction to Education Studies. – UK: Pout Chapman Publishing, 2004.

25 Tomlinson, C.A., How to Differentiate Instruction in Mixed-Ability – Classrooms, 2001. – 128 p.

FTAXP 17.07.51

Н.Ж. Кәдіржан¹

¹Сулейман Демирел университеті
Алматы қ., Қазақстан

МҰХТАР ӘУЕЗОВПЕН ДЖЕК ЛОНДОН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа. Әлем әдебиеттану ғылымында жыртқыш аңның соның ішінде, «қасқыр» табиғатына сипаттама беріп, көркемдік қасиеттерін кеңінен талдап қарастырған шығармалар көп. Біздің қарастырып отырған тақырыбымыз Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» және Джек Лондонның «Ақ азу» шығармаларының негізінде жүргізілді. «Көксерек» повесі – Мұхтар Әуезовтің ұлттық проза өнерін әлемдік деңгейге көтеру мұратымен күн кешкен, адуын, асқар таланты тәркі тіршіліктің күйбең, зобалаңына құрық бермей жүрген шағында жазылған үздік туындыларының бірі. Бұл қазақ әдебиеті үшін мүлде жаңа құбылыс болатын.

М. Әуезов Джек Лондонның «Ақ азуын» «Көксерек» жазылғаннан кейін алты жылдан соң аударған. Төрт бөлімнен тұратын «Ақ азудың» негізгі мотиві – өмір үшін жанталасқан адам жанкештілігін баяндау. Шығарма соңында қартайған Ақ азу жазымышқа мойынсұнып, адамдар ортасынан ажырамай, ежелгі жауы иттермен де ымыраға келіп күн кешуі. Шығарма соңы адам мейірімі бәрін жеңеді деген ойға жетелейді. Жиі айтылып жүрген пікірлердің бірі – «Көксерек» әңгімесі мен Джек Лондонның «Ақ азу» повесінің арасындағы ұқсастықтар туралы. Бұл екі шығарманың авторлық идеясы, оқиға құрылымы, сюжеттік дамытылуы жағынан өте ұқсас.

Кілт сөздер: қасқыр, аңыз, әлем, әдебиет, философия, Көксерек, Ақ азу.

Аннотация. В теоретически и практических значимых исследованиях в мире научной литературы есть много описаний диких животных, в том числе описание волков; в произведениях этих описания встречается очень часто. Наша рассматриваемая тема основана на двух произведениях М. Ауезова и Джека Лондона. Повесть «Коксерек» является одной из самых лучших работ М. Ауезова, в которой он пытался поднять уровень искусства народной прозы на мировой уровень. Это было новым явлением для казахской литературы.

Мухтар Ауезов перевел «Белый клык» Джека Лондона спустя шесть лет после его выпуска. Основной мотив повести Бельво кылкы состоящий из четырех глав – рассказ о борьбе за жизнь. В конце этого произведения постаревший Белый клык вынужден покориться своей судьбе жить вместе с людьми и своими вечными врагами – собаками в одном обществе. В заключении повести читатель приходит к выводу, что всегда побеждает человеческая доброта. Очень часто в высказываниях подчеркиваются совпадения между произведениями М. Ауезова «Коксерек» и Джека Лондона «Белый клык». В этих двух произведениях совпадают идея, содержание, развития сюжета.

Ключевые слова: волк, легенда, мировая литература, философия, Коксерек, Белый клык.

Abstract. Theoretical and practical significance of the research in the world of scientific literature, there are many descriptions of wild animals, including the description of wolves in works is very common. Our topic is based on two works by Auezov and London.

There story of Kokserek is one of the best works of M. Auezov, who tried to raise the level of the art of folk prose to the world level. This was a new phenomenon for Kazakh literature. M. Auezov translated Jack London's «White Fang» after four years he wrote «Kokserek». The main, motive of «White Fang» which consists of four parts is to describe who fought for life and sacrificed to live. At the end of the work old «White Fang» who accepted his fate he live with people and with his ancient enemy dogs, came to compromise. At the end of the work leads to the idea that human's kind can win everything. One, of the most commonly used comments – story «Kokserek» and Jack London's «White Fang» about similarities between the short stories. This is the author's idea of both works, composition of story, there are many similarities in plot development.

Key words: wolf, stories, world literature, philosophy, Kokserek, White Fang.

Джек Лондон 1876 жылы АҚШ, Сан-Франциско қаласында дүнеге келген. Американдық жазушысы маңдайына тағдыр небәрі қырық жыл ғана

ғұмыр жазған. Сол қысқа ғұмырының он алты жылын таза шығармашылық жұмысқа арнаған ол артына жиырма төрт том еңбек қалдырған. Әлем әдебиетінде Дж.Лондонның есімі ел есінде қалуына себеп - оның нәтижелі шығармашылық лабораториясы. Өгей әкесінің қолында тәрбиеленген. Анасы қиялилау кісі болыпты. Спиритуализм (рухтармен сөйлесу) мен астрологияның хас табынушысы болатын. Әкесі болса, әр түрлі тақырыптарға дәріс оқитын профессор еді. Бірақ екеуі Джек Лондон дүниеге келмей жатып ажырасып кеткен. Болашақ жазушының жетім қалуына, негізінен атаққұмар, қызуқанды, ойға алған мақсатын іске асыруға келгенде ештеңеден қаймықпайтын тәуекелшіл анасының кінәсі көбірек болған секілді. Джек Лондон жас кезінде зауыт, фабрика, электр станцияларында түрлі жұмыстар істеген. Әдеби шығармалар жазумен 17 жасынан шұғылдана бастаған. 1893 жылы «Сан-Франциско дауысы» газетінде тырнақалды туындысы «Жапон жағалауындағы Тайфун» атты очеркі басылды. Сонан кейін көптеген әңгімелері, повестері, романдары жарыққа шыға бастады. Джек Лондон әңгімелеріндегі басты тақырып - бақыт, өмір үшін күрес. Джек Лондон бір жылда – екі том кітап жазған! Жоспарлы, мақсатты түрде. Бұны мынадан-ақ көруге болады: лондонтанушылардың зерттеулеріне қарағанда, жазушының күндік жазу нормасы – 1000 сөз болған көрінеді. Бұдан асырып жіберсе – қуаныш, жеткізе алмай қалса – өкініш. Сол үшін де ол тәулігіне он алты-он жеті сағат бойы тапжылмай отырып жұмыс істеген. Және жылдар бойы! Адам айтқысыз азап! Ал осыншама азап пен жанкештілікке оның өз еркімен мойын ұсынғаны несі? Жазбаса тұра алмайтын әдебиетке деген ұлы құштарлық па? Әлде, шынымен-ақ, Лев Толстой секілді туған әдебиетінің абырой-мерейі үшін жанын от пен суға салудан аянып қалғысы келмеді ме? Бір қызығы, Джек Лондонның өзі әрбір шығармасында өмірді қандай шынайы бейнелей алған болса, әлгіндей азап пен бейнетке толы 12 еңбегі жөнінде де ешқандай көлденең көбік сөз қоспаған [10, 15-17 б.]. «Ол өзінің аз ғұмыр кешетінін сезгендей жұмыс істеді. Он екі жасынан дейін ұры-қарлықпен, қара жұмыстармен айналысып ақша тапты, он төрт жасынан бастап кітапханадан шықпай өздігінен білім іздеді. Күніне 15 сағат шығармашылықпен айналысты» - дейді Эрл Лэйбор Джек Лондонға қатысты бір пікірінде. Аз ғұмыр кешсе де есімі әлем әдебиетінде алтын әріппен қалған бірден-бір дарынды, қайталанбас тұлға – Джек Лондон. Шығармалары: «Қасқырдың баласы» (1900), «Оның әкесінің құдайы» (1901), «Аяздың балалары» (1902), «Қар қызы» (1903) романы, «Ақ азу» (1906, қазақ тілінде 1938-48) романы, «Жолда жүрген жолаушылар үшін» (1899, қазақ тілінде 1961), «Солтүстік жорығы» (1900, қазақ тілінде 1960), «Тыртық адам» (1900, қазақ тілінде 1960), «Өмірге құштарлық» (1900, қазақ тілінде 1951), «Мың дюжина» (1903, қазақ тілінде 1927 — 51), «Темір өкше» (1912), «Айлы алқап» (1913), «Үлкен үйдің қожасы» (1916), «Телегей теңіз, аттаныс», «Мартин

Иден» (1909, қазақ тілінде 1968) роман-биографиясын және т.б.- Джек Лондонның шығармашылық лабораториясының негізгі орталық нүктелері адам – табиғат – өркениет. Осы үш тепе-теңдік санатында ой қозғаған ойшылдың ірі шығармаларының негізгі идеясы – табиғат пен адам арасындағы байланысты қамтиды. Осы орайда жазылған гуманистік бағыттағы ең атақты шығармасы – «Ақ азу». Жартылай ит жартылай қасқырдың терең психологиясы, көзқарасы арқылы танылатын әлем картинасы кімді де болса тебіrentпей қоймайды. Жалпы кез келген көркем шығарманың ең қуатты тұсы оның психологиясымен белгіленеді.

Автордың мықтылығын да осы шығарма психологиясынан байқалады. Себебі, психология дегеніміз ішкі жан дүниесінің ең нәзік талшығын дір еткізетін ерекше құбылыс. Мәселен, «Ақ азу» шығармасы дәл сондай ойға негізделген роман деп айтуға болады. Оқиға басталысымен-ақ оқырманды басқа әлемге әкете отырып, табиғатты суреттеу арқылы іштей үлкен оқиғаға дайындайды. Джек Лондон шығармашылығы қазақ жазушыларына да өз ықпалын тигізді. Оның, әсіресе, «Ақ азу» романы мен М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінде ортақ матиф пен ұқсастықтар бар. Екеуі де қасқыр тірлігі арқылы адамдар арасындағы қым-қиғаш сырларға емеурін жасап, меңзеу әсірелеу арқылы ішіне от тастайды. Тіпті әуендес көріністер, үндес сарындар, рендес бояуларды табу қиын емес. Бауырда жатқанынан қолға алынған күшік, иттердің кергісінде, мойнында шынжыр кесіп өткен бөлтірік, бөлінер ортасына қайта қашып барып топ бастаған көкжал бейнесі анық көрінеді. Джек Лондон қасқырлар әлемін бейнелеуде Жалғызкөз бен Кичдің күшігін шебер пайдаланған. Күшіктің көзін ашқаннан бастап дүниені қабылдауы өз түйсігі арқылы бейнеленеді. Асығыстық, бірді айтып, бірге кету, әр шөптің басын шалу жоқ. Сатылы жолмен, заңды түрде табиғат перзентінің қоршаған орта сырын ашуы, кім дос, кім қас екенін аңғаруынан бастау алады. Лондонның негізгі идеясы - қасқырдың адамға достығы, оны үйретсе үй жануары сияқты болатыны, өз иесіне адал қызмет ететіндігі. Ал, М. Әуезов осы шығарманы оқыған соң, қарсы пікірде қасқырдың адамға дос емес, жау екенін дәлелдеу 13 мақсатында «Көксеректі» жазды себебі, далада мал бағатын қазақ үшін қасқыр - қырдың жауы. Ал М.Әуезовтің шәкірті Шыңғыс Айтматов бұл туралы өз шығармасын жазды. «Жан пида» деп аталатын романда қасқырдың қасқырлық жолға түсуіне адамның өзі кінәлі деген ой түйді. Бұл үш шығарма да - классикалық әдебиеттен орын алатын шығармалар. «Көксерек» шығармасы 1929 жылы жазылған, ал «Ақ азу» шығармасы 1906 жылы жазылып, 1938-1948 жылдары қазақ тіліне аударылды.

Мұхтар Әуезов – ұлы жазушы, драматург, аудармашы, ғалым. Ол 1897 жылы қыркүйек айының 28 де қазіргі Шығыс Қазақстан, бұрынғы Семей облысының Абай ауданына қарасты Шыңғыстауда дүниеге келген. Оның әкесі Омархан және атасы Әуез екеуі де сауатты, көзіқарақты, сөз

өнерін қадірлейтін жандар болған. Атасы Әуез Абаймен дос болған адам. Мұхтар бала кезден Абай өлеңдерін, оның шығармаларын көп оқығандықтан, ұлы акын жырлары, ата тәрбиесі бала Мұхтардың бойында өнерге деген құштарлық сезімін туғызады. Жазушының творчествалық жолы 1917 жылдан басталған. Жиырма жасында «Еңлік-Кебек» трагедиясын жазғаннан кейін он шақты жыл ішінде көптеген әңгіме, повесть, пьесалар жазды. Атап айтақанда: «Қорғансыздың күні», «Барымта», «Ескілік көлеңкесінде», «Көксерек», «Қыр әңгімелері», «Жетім», «Қараш-қараш оқиғасы», «Қаралы сұлу», «Қилы заман» «Іздер» (1932 ж.), «Білекке білек» (1933 ж.), «Үш күн» (1934 ж.), «Шатқалаң» (1935 ж.), «Асыл нәсілдер» (1947 ж.), «Үйлену», «Оқыған азамат», «Кім кінәлі», «Заман еркесі», «Сөніп-жану», «Кінәмшіл бойжеткен», «Ескілік көлеңкесінде», «Жуандық», «Бүркітші», «Кешкі дөң басында», «Сыбанның моласында», «Текшенің бауырында» атты әңгімелері және шоқтығы биік «Абай жолы» роман-эпопеясы. М.Әуезов алғашқыда екі кітаптан тұратын «Абай» (1942, 1947), онан кейін мұның жалғасы болып табылатын «Абай жолы» (бұл да екі кітаптан тұратын; 1952, 1956) романын жазды. Осы төрт томнан тұратын «Абай жолында» қазақ қоғамының алуан түрлі топтары кең қамтылып, сан қырлы тұтас галерея жасалды. Онда қазақ халқының этнографиялық, діни, жалпы мәдени-танымдық дәстүрлері - бәрі бар. Роман – эпопеяның танымдық мәнімен бірге ұлттық әдебиет пен мәдениетті, ана тілін өркендетудегі рөлі зор болды. Эпопея дүние жүзі халықтарының бір жүз он алты тіліне аударылып, миллиондаған оқырманды сусындатып, оларға ұлы Абайды, Абай арқылы қазақ халқын паш етті. Ол екі жүз томдық «Әлем әдебиеті кітапханасы» топтамасында екі том болып басылды. М.Әуезов – ауыз әдебиеті мен классикалық әдебиеттің, батыс пен шығыс көркем сөз мұрасының озық дәстүрін жете меңгеріп, қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиетінің реалистік сапасын арттыруға, әдеби тілді байытуға ересен еңбек сіңірген ұлы жазушы [11, 34 б.]. Жалпы шығармашылық лабораторияны сөз қылғанда Мұхтар Әуезов тәсілі ерекше. Байыпты, бағдарлы туынды әкелу үшін өзіне сай іс-сапарларда болуы жазушының барлық шығармаларына тән құбылыс. М.Әуезов көркем көріністерді шындықпен жанастырып, кейіпкерлер бейнелерін дәл беру үшін, оқиға болған жерлерді арнайы аралап, сүзгіден өткізуді алдына мақсат еткен. 14 Оны «Қараш-Қараш оқиғасы» мен «Қилы заманның» жазылу тарихынан бастап, кейінгі өмірінің соңғы кезеңіндегі романдары «Абай жолы» мен «Өскен өркен», «Индия очерктері», «Америка әсерлері» сияқты шығармаларынан көп байқауға болады. Жүрген, көрген, сезген дүниелерін, кейбір штрихтар, романға керек детальдар, алған әсерлерін дәл, әрі нақты берумен қатар, бәрін қағаз бетіне түсіруді көздеген. Болған елдерінің жергілікті ерекшеліктерін, айналысатын шаруашылығын, кәсібін, тіпті киім киісі мен мәдени қатынастарына дейін қолжазба

дәптеріне түсіріп, белгілер қойып отырған. Жазушы тіпті, ел азаматтарының бөрік, тымағы, шапандарының өзі олардың қай жерден, қай рудан екендігінен хабар беріп тұратындығына дейін мән берген.

Мұхтар Әуезов пен Джек Лондонның шығармашылық лабораториясы «Көксерек» повесі – жас Мұхтар Әуезовтің ұлттық проза өнерін әлемдік деңгейге көтеру мұратымен күн кешкен, адуын, асқар талантты тәркі тіршіліктің күйбең зобалаңына құрық бермей жүрген шағында жазылған үздік туындылардың бірі. Бұл қазақ әдебиеті үшін мүлде бөлек, ғажайып жаңашыл құбылыс болатын. «Көксеректің» дүниеге келуі туралы Валентина Николаевна Ауэзова: «Ташкентте Мұхтар әйгілі «Көксерек» әңгімесін жазды. Бұл кезде бұл әңгіменің төңірегінде көп сөз көтеріліп, әлде бір тұспал іздеген кездер болды. Ал шындығында, бәрі мүлде басқаша болатын. Бірде мен қабырғаға ілінетін күнтізбені (1929 жылдың) сатып алдым. Сол күнтізбе Мұхтардың жазу үстелінің тұсында ілулі тұратын еді. Сол күнтізбеде белгілі суреттің (бір өкініштісі, суретшінің аты есімде қалмапты) көшірмесі бар болатын - қысқы түн, қар жамылған меңіреу дала, сонау алыста көз ұшында қар басқан шағын қыстақтың оттары көрінеді. Алдыңғы көріністе түнде жортқан қасқыр тұр. Міне, сол сурет Мұхтарға сонау бозбала кезінде аңшылардан естіген әңгімелерін еске түсірген болуы керек, енді міне, күн сайын көз алдынан сол суреттегі көрініс кетпеген Мұхтар, өзінің «Көксерегін» жазған болатын» - деп еске алады [12, 180 б.]. Күнтізбенің бетіндегі суретке қарап отырып, аңшылық құрып, саятқа шыққан күндері, даланың ұлыған бөрілірі, құмай тазылары көз алдына елестеп, елестен елесті қуып, ой ұшығын тарқата келіп «Көксеректің» оқиға желісінің пайда болуы әбден мүмкін. Валентина Николаевнаның бұл естелігін Мұхтар Әуезовтің ниеттес досы Алексей Пантиелев те қостайды.

«Көксеректі» Гермашевтің белгілі суретіне (шағын қыстақ үйлерінің терезесіндегі от сәулесі, қар басқан төбешікте тұрған қасқыр) қарап жазып едім» - деп айтып беріпті. Ендеше қысқы түн, жатаған үйдің терезесінен сыртқа жылу мен жарық шашқан от, тұңғыйық аспан, айдаладағы төбе басында ұлыған жалғыз қасқырдың бейнесінің өзі-ақ ұйықтаған ойды оятып, қиялды тербеп, қилы-қилы қызыққа жетелеуі табиғи. Жылқышының қысқы жолы, иен даланы кезген бөрі, 15 ит - құсты құтқармайтын әккі аңшы, бөлтірік асыраған үй, мысық пен күшікке үйір бала атаулының қызыққұмарлығы, Көкен тауының басына шығып түлкі қаққан салбұрындардың – бәрі - бәрі, Мұхтардың жадында қалған жайлар. Ол елікпей қойсын ба? Қалғаны, кез - келген жазушының санасында екшеліп, өз жөнін табатын машықты тәсіл [13, 108 б.]. Демек, «Көксеректі» жазуға түрткі болған себеп Валентина Николаевна сатып алып, жазу үстеліне қойған 1929 жылдың күнтізбесі. Сол күнтізбедегі Гермашевскийдың «Түнде» атты суреті. Демек, бұл –шығарманы тудырған ойтүрткі.

М.Әуезов Джек Лондонның «Ақ азуын» «Көксерек» жазылғаннан кейін алты жылдан соң аударған. Төрт бөлімнен тұратын «Ақ азудың» негізгі мотиві – өмір үшін жанталасқан адам жанкештілігін баяндау. Шығарма соңында қартайған Ақ азу жазмышқа мойынсұнып, адамдар ортасынан ажырамай, ежелгі жауы иттермен де ымыраға келіп күн кешуі. Шығарма соңы адам мейірімі бәрін жеңеді деген ойға жетелейді. Жиі айтылып жүрген пікірлердің бірі – «Көксерек» әңгімесі мен Джек Лондонның «Ақ азу» повесінің арасындағы ұқсастықтар туралы. Бұл екі шығарманың авторлық идеясы, оқиға құрылымы, сюжеттің дамытылуы, көркемдік шешімінде ұқсастықтар көп деу әрине қиын. Ақ азу тағыланып кеткен қаншық ит пен қасқырдың будандасуынан туған дүрегей. Енесінің бауырында жүріп адамдардың қолында өседі. Тағылық түйсік қанында сақталғанымен де, иттік мінезіне, ит тіршілігіне әбден мойын ұсынған. Оқиганың өзі итті шанаға жегіп, көлік ретінде пайдаланатын қиыр солтүстікте өтеді. Джек Лондон мұнда адам бәрін де жеңеді, ал оның сыры - тегінде, нәсілінде. Ақ азу – иттің сырттаны болғанымен бәрібір ит болып өмір сүрді. Үндістердің қол астында тағылық, ақ адамның қарамағында – басыбайлық күй кешті. Бәрі де тегіне тартады деген идеяны тұспалдады.

Ал, «Көксеректе» керісінше, бірінші қатарға адамгершілік, қайырымдылық, табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік және олардың арасындағы қарама - қайшылық көркем шығарманың идеясына айналды. Көксерек – қолға асыраған бөлтірік. Адамдар, кішкентай Құрмаш оны жақсы көреді. Бірақ «бөрінің бөлтірігі далаға қарап ұлиды». Ол қатыгездікті тудырған – табиғаттың табиғи қарама – қарсылық заңдылығы. Зұлымдықты әділеттілік жеңеді. Бір адамды қансыратқанымен, бүкіл адамзатты жалғыз көкжал жусата алмайды. «Көксерек» Сөзсіз жазаға тартылады. Міне, «Көксеректің» нысаналы тұспалы осы. 26 Әрине, Мұхтар Әуезов ол кезде Джек Лондонның шығармаларымен таныс еді. Сүйіп оқыды. Түз тағысын бейнелеудегі шеберлігін жіті талдады. Тіпті, «Көксеректі» жазғаннан кейін алты жылдан соң «Ақ азуды» қазақшаға да аударды. Мұның барлығы еліктеушілік емес, кәсіби тұрғыдан үйрену мектебі. Бұл арадағы екі шығарманың арасындағы сабақтастықты әлем әдебиетінен берік орын алған «көшпелі сюжеттердің» үрдісінен іздеуге келмейді.

Шығармашылықпен табыстырған табиғи түйсіктің тоғысулары деп бағалаған жөн. Ондай үндестіктер бір - бірінен мүлдем бейхабар, тіпті білуге тиісті емес өнер адамдарының шығармаларында жиі кездеседі. Жаратылыс заңдылығына байланысты түз тағыларының өмірінің ұқсастығынан туындаған сабақтастықтар «Көксерек» пен «Ақ азудың» арасында да кездеседі. Ол үндестіктер, әсіресе, бөрілердің тіршілігін суреттеген тұста ерекше байқалады. Хайуанаттарға ортақ инстинкті

оятқан өмір сүрудің тәсілдері ол. Кей тұстарда тіпті тұтас сөйлемдердің өзі бір-бірін жаңғыртып тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әуезов М. Көксерек. – А.: Атамұра, 2002. – 165 б.
- 2 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. – А.: Жазушы, 1985. – Б. 63-64
- 3 Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – А., 1997. – 171 б.
- 4 Литературное наследство. – Т. 68, «Чехов». – М., Изд-во Акад. наук СССР, 1960. – 724 с.
- 5 Джек Дондон. Ақ азу /Лондон, Дж. Ауд.: Н. Волжиной. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1938. – 286 б.
- 6 Зверев А.М. Возвращение Джека Дондона. – 1954. – С.19.